

қаражат қарастырып, Қазақстанның мәдени-туризмі аясында туристік маршрутқа енгізу үшін ескерткіш ауданына заманауи инфрақұрылым (туристерге арналған мейманхана, тамақтану орны, т.б.) жасау да маңызды. Тіпті, Кенесары хан мен батырларының айбынды мүсіндері бейнеленген алып ескерткіш орнату да өте қажетті дүние. Сонымен қатар, көрші Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерімен мемлекетаралық келісім жасап, Кенесары хан туралы деректерді реттеу жұмыстарын бір ізге түсірсе, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені ұлт-азаттық көтерілістің көптеген деректері осы көрші елдерде сақтаулы.

Екінші ұсыныс: Ұлт-азаттық көтерілістің ошақтары мен күрес қимылын түгел қамтитын географиялық (3D) онлайн карта, 3D форматтағы заманауи технологиялық гаджеттер, қосымшалар жасалғаны да дұрыс.

Қордай топырағына қатысты деректер мен тарихи шежіре Кенесары ханның күресі тек өткеннің оқиғасы емес, бүгінгі ұрпаққа аманатталған тәуелсіздік рухының мәңгілік белгісі екенін айғақтайды. Бұл өңір - азаттық үшін атой салған ерлердің ізі қалған, елдік пен бірліктің қадірін ұқтыратын қасиетті мекен. Кенесарының хан туын тіккен Майтөбе, ақ қырқалар, шайқас өткен сайлар - барлығы біздің тарихи жадымызды жаңғыртып, өткеннен сабақ алуға үндейді. Халықтың өзара алауыздығы мен сатқындықтың зардабы қандай болатынын көрсететін бұл оқиғалар бүгінгі қоғам үшін де үлкен өнеге. Сондықтан рухани тұтастық пен елдік сана - ұлттың ең биік құндылығы екенін ұмытпай, Кенесары сынды қайсар тұлғалардың ерлік мұрасын келер ұрпаққа жеткізу - әр қазақтың парызы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан энциклопедиясы. Ғылыми-анықтамалық баспа. Көп томдық. - 7-том. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 1999. - 147 б.
2. Бекмаханов, Е. Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында. - Алматы: Ғылым, 1994. - 335 б.
3. Ділібаев, Ә. Ауыз әдебиеті үлгілері мен зерттеу мақалалар. - Алматы: Ан Арыс, 1999. - 54-88 б.
4. Середа, Н. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838-1847). - Атырау: Диалог, 1992. - 214 б.
5. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. - Алматы: «Алматы кітап», 2009. - 376 б.

## **ЖЕТІ АТА - ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК ЖҮЙЕСІ, ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ РУХАНИ МАҒЫНАСЫ**

**Мухаметкалиева К.М.**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

kamilamuhametkalieva@gmail.com

Қарағанды қ.

Жеті ата дәстүрі - қазақ халқының рухани мәдениетінің, қоғамдық құрылымының, тарихи болмысының ажырамас бөлігі болып қалыптасқан аса көне, терең әрі өміршең институт. Бұл дәстүр ғасырлар бойы ұлттың тектілік жүйесін сақтаудың, ішкі бірлігін нығайтудың, адамгершілік пен жауапкершілік нормаларын орнықтырудың сенімді тетігі қызметін атқарып келді. Қазақ дүниетанымында жеті ата ұғымы тек қана туыстық тізбек немесе шежірелік дерек емес, ол - ұлттың генетикалық тазалығын сақтауға бағытталған биологиялық заң, қоғамдағы тәртіп пен моральдық талаптарды реттейтін әлеуметтік кодекс, өзінің тегін тануға бағыттайтын рухани бағдар. Сондықтан да халқымыз «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деп, бұл қағиданы ұрпақ санасына терең сіңіріп отырған.

Жеті ата феноменінің тамыры сонау ежелгі түркі дәуіріне барып тіреледі. Рашид ад-Диннің әлемге әйгілі «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбегінде түркілердің ата-текке қатысты ерекше қатаң тәртіп ұстанғаны, шежірені жаттамау ұят саналатыны, жеті буын ішіндегі некелік қатынасқа тыйым салынғаны нақты деректермен келтіріледі. Бұл мәліметтер қазақ қоғамындағы жеті ата жүйесінің кездейсоқ емес, мыңжылдар бойы қалыптасқан заңдылық екенін дәлелдейді. Түркілердің ата-бабаларын қастерлеуі, олардың рухына тағзым ету дәстүрі қазақтың жеті атаны білу қағидасымен сабақтасып, уақыт өте келе толығып, жетілген жүйеге айналды.

Жеті ата дәстүрінің түп-тамырын іздеу - көшпелі түркі өркениетінің құқықтық, мәдени және рухани жүйесін терең түсіну.

Қазақ зиялыларының еңбектерінде де жеті ата мәселесі кеңінен тарқатылады. Солардың бірі - Мұхамеджан Тынышбаев. Ол «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегінде жеті аталық құрылымның мемлекет ішіндегі тәртіпті сақтаудағы орнын ерекше атап өтеді. Тынышбаев қазақтың ру-тайпа жүйесі дәл осы тетіктің арқасында ішкі қырқыс пен алауыздықты болдырмағанын, әр рудың нақты шекарасы, туыстық байланысы айқындалғандықтан, қоғамда тұрақтылық орныққанын, рулық жүйе жалпы ұлттық бірлікке нұқсан келтірмей, керісінше, оны бекіте түскенін жазады. Оның пікірінше, жеті атаға дейін қыз алыспау - тек рухани немесе дәстүрлік жол емес, ұлттың биологиялық саулығын сақтаған аса тиімді заң [2, 213 б].

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» еңбегінде жеті ата мәселесі рухани-философиялық қырынан айқындалады. Шәкәрім үшін шежіре тек ата-баба тізбегі ғана емес, адамның өз табиғатын, мінезін, болмысын танытатын рухани кілт. Ол ата-тек туралы білім адамды баға жетпес рухани жауапкершілікке тәрбиелейді деп есептеген. Әр адам өз тегін жеті бабына дейін біліп, солардың жақсы қасиетін бойына сіңіруге, кемшілігін қайталамауға ұмтылуы тиіс деген ой айтады. Осы арқылы қазақ шежіресі қоғамдағы моральдық тәртіптің де басты негіздерінің біріне айналған [3, 118 б].

Әбіш Кекілбайұлы шығармаларында жеті ата ұғымының философиялық және мәдени тереңдігі ерекше көркемдікпен бейнеленеді. Әбіштің баяндауында ата-баба байланысы тек туыстық тізбек емес, ол - ұлттың тарихи жадының, рухани сабақтастығының көрінісі. Адам өз тегін білген сайын, ол өзінің кім екенін, қандай жауапкершілік арқалағанын терең түсінеді. Ата-тек - адамның ішкі мәдениетін қалыптастыратын рухани тірек, оның ел алдындағы парызын сезіндіретін қасиетті білім [1, 101 б].

Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінде оғыз-қыпшақ тайпаларының тектілік жүйесі жеті буынға бөлінгені және жақын туыстардың некелесуіне қатаң тыйым салынғаны айтылады. Бұл түркілердің мемлекеттік құрылымы мен әскери тәртібінде ерекше орын алған. Яғни жеті ата қағидасы - қазақтан бұрынғы түркі дәстүрінің жалғасы [4, 320 б].

М.Тынышбайұлы «Қазақ халқының тарихында» Жеті ата жүйесін ішкі саяси тәртіптің, ел бірлігін сақтаудың негізгі механизмі ретінде сипаттайды. Ру-тайпа ішіндегі некелік тыйым - қақтығыстардың алдын алу, қан тазалығын сақтау және ұрпақтың қуатын арттыру мақсатында бекітілген құқықтық норма [2, 215 б].

Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресінде» әр рудың Жеті ата жүйесі егжей-тегжейлі жазылған. Ол ата-баба тарихын білу - рухани адамгершіліктің шарты деп көрсетеді. Шежіре тек тарихи дерек емес, тәрбиелік-рухани құрал [3, 125 б].

«Жеті хикаяда» Кекілбайұлы Жеті атаны қоғамдағы моральдық тәртіп пен тарихи жауапкершілік тетігі ретінде түсіндіреді. Ол бұл дәстүрдің ұрпақтар сабақтастығын нығайтқанын және ұлт тұтастығын сақтауға үлес қосқанын айтады [1, 150 б].

Жеті ата дәстүрінің ең маңызды қызметтерінің бірі - қандастық тазалықты сақтау. Қазақ жеті атаға дейін қыз алыспау арқылы тұқым қуалайтын аурулардан сақтанған. Бүгінгі заманғы генетика ғылымы бұл дәстүрдің ғылыми негізі бар екенін толық дәлелдеп отыр. Жеті буын аралығында некелік қатынастан пайда болатын гендік тәуекелдер айтарлықтай жоғары болғандықтан, қазақ қоғамының бұл тыйымын «көшпелі өркениеттің ең көреген биологиялық заңы» деп бағалауға болады. Халық ғылымсыз-ақ осындай күрделі мәселені өте дәл, тиімді түрде шешкен.

Сонымен қатар жеті ата жүйесі қазақ қоғамында әлеуметтік тәртіпті қалыптастырды. Әр адам өзін белгілі бір рудың, белгілі бір атаның өкілі ретінде сезінді. Бұл сезім оған үлкендерге құрмет көрсетуді, ағайынға қолдау білдіруді, руының абыройын қорғауды міндеттеді. Адам өзінің ата-тегін құрметтесе - ол ұяттан, зорлықтан, пасықтықтан аулақ жүруге тиіс болды. Осылайша жеті ата - қоғамдық моральдың мызғымас тіреуіне айналды. Қазақтың «тектілік» ұғымы да жеті атадан бастау алады. Текті адам - тектінің тәрбиесін көрген, аталарына сүйенген, рухани болмысын таза сақтаған адам деген түсінік қалыптасқан.

Жеті аталық құрылым қазақтың отбасы институты мен тәрбиесіне де үлкен ықпал етті. Әр әке баласына өз ата-бабасының есімдерін үйретіп, олардың ерлігі мен еңбегін айтып, өнеге қалдырды. Бұл - ұрпақтың ұлттық жадының сақталуына ықпал етіп отырды. Шежіре - тек өткенді еске алу емес, болашаққа бағдар беру болды. Өз тегін білген бала тәрбиелі, ұятты, елін сүйетін азамат болып өседі деген ұғым берік орын алды.

Қазақтың жеті аталық жүйесі ұлттың саяси құрылымында да маңызды рөл атқарды. Рулар арасындағы сыйластық, ортақ мүдде, бірлік осы жүйенің арқасында берік қалыптасты. Бір атадан

тарағандар бір-біріне жау болмайды, туыстық байланысты сезініп, татулықта өмір сүреді. Бұл қағида үлкен тайпалық бірлестіктердің қалыптасуына да мүмкіндік тудырды.

Жеті ата дәстүрі бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Әлемдік жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтаудың ең сенімді жолдарының бірі - тарихи жадыны сақтау. Адам өз тегін білген сайын, ол өз елінің мәдениетін, салтын, дәстүрін тереңірек құрметтейді. Қоғамдық құндылықтар ауысқан заманда жеті ата - ұлттық сананы, рухани тұрақтылықты ұстап тұрған баға жетпес мұра.

Жеті ата жүйесі бойынша адам өз тегін жеті буынға дейін білуге міндетті: Әке, Ата, Арғы ата, Баба, Түпбаба, Текбаба, Жеті ата.

Бұл жүйе арқылы әр адам өзінің шыққан тегін, рухани тамырын және ағайындық байланыстарын бағалауды үйренеді. «Жеті атасын білмеген - жетесіз» тіркесі - білімсіздікке емес, ата-тек алдындағы жауапкершілікті ескерту.

Биологиялық маңызы бойынша ортақ тектік байланысы бар адамдардың некелесуі ұрпақтың денсаулығына белгілі бір генетикалық тәуекелдер тудыратындығы ғылымда дәлелденген. Осындай тәуекелдерді болдырмау үшін қазақ халқы ерте кезден бастап жеті атаға дейін некелеспеу қағидасын қалыптастырған.

Бұл - ғасырлар бойғы тәжірибеге негізделген өте көреген шешім. Жеті буын аралығында қан толық жаңарып, тектік тәуелділіктер жойылады. Сондықтан бұл дәстүр ұрпақтың денсаулығын қорғаудың, ұлттың генетикалық тұрақтылығын сақтаудың ең тиімді жолдарының бірі болып саналады.

Жеті ата дәстүрі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз еткен негізгі жүйе болды. Бір рудан қыз алмау - сол рудың барлық мүшесін біртұтас ағайын, туыс деп тану деген сөз. Бұл қағида ру ішіндегі татулықты күшейтіп, адамдары бір-біріне қамқор болуға, ортақ жауапкершілік алуға негіздеді.

Өз руының мүшелерімен некелеспеу арқылы қазақтар тек өзінің тектілігін ғана емес, қоғамдағы тәртіп пен сыйластықты да сақтаған. Осылайша ру ішіндегі жанжал, қыз үшін талас, ішкі қақтығыстар азайған. Жеті ата заңы - руаралық қатынастарды реттеген, бірлікті күшейткен, адамдар арасындағы бауырмалдықты нығайтқан әлеуметтік механизм болды.

Қазақ хандығы кезеңінде жеті ата қағидасы елдің саяси құрылымына да тікелей ықпал етті. Руаралық некелер дипломатиялық одақ құрудың тиімді тәсілі саналды. Бір рудан қыз алмау - іштей татулықты сақтаса, басқа рулармен құдандалы болу - сыртқы ынтымақтастықты күшейтті.

Бұл жүйе саяси тепе-теңдікті сақтап, ру-тайпа арасындағы шекараларды, мәртебелерді және өзара қарым-қатынасты реттеуге мүмкіндік берді. Хандар мен билер құдалықты ел арасындағы достықты нығайтатын мемлекеттік деңгейдегі құрал ретінде қолданған. Сондықтан жеті ата дәстүрінің саяси қызметі - ел ішіндегі ынтымақты сақтау, сыртқы байланыстарды бекемдеу және мемлекет ішіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету болды.

Көшпелі қоғамда жеті ата қағидасы табиғи тәртіпті, әлеуметтік үйлесімділікті және тектік қауіпсіздікті сақтаудың маңызды тетігі болған. Сондықтан бұл заңның сақталуы барынша қадағаланған. Шежірелік және этнографиялық деректерде бұл талаптың бұзылуы қоғам тарапынан жауапкершілікпен қаралғаны айтылады.

Деректерге сүйенсек:

- XVIII ғасырда Арғын руында мұндай жағдай арнайы жиын арқылы қаралып, мәселе айып мал төлеу жолымен реттелген;

- XIX ғасырда Найман мен Төртуыл рулары арасындағы белгілі оқиғада шешім ру ақсақалдарының келісімімен қабылданған;

- Байұлы бірлестігі ішінде кей жағдайларда адамның өз ру ортасынан уақытша алыстатылуы сияқты әлеуметтік шаралар қолданылғаны этнограф Диваев еңбектерінде кездеседі [5, 178 б].

Тарихи жазбаларда көрсетілген жауапкершілік түрлері:

- белгілі мөлшерде айып мал төлеу (7 жылқы, 30 қой, 1 түйе сияқты көрсеткіштер кездеседі);

- адамның ру аумағынан уақытша шығарылуы;

- некелік байланысты жарамсыз деп тану;

- қоғамдық жиналыс алдында түсіндіру және тәртіптік ескерту жасау.

Қазіргі таңда генетика ғылымы қазақтың көне даналығын толық дәлелдеп отыр. Жеті ата дәстүрі ұрпақ денсаулығын қорғайды, ұлттық бірегейлікті күшейтеді, тарихи жадты жаңғыртады, рухани мәдениетті сақтайды.

Қорыта айтқанда, жеті ата - қазақ халқының ең ерекше мәдени құбылыстарының бірі. Ол уақыт сынынан сүрінбей өтіп, бүгінгі ұрпаққа аман жетті. Жеті ата - ұлтты ұйыстырған, туыстық жүйені реттеген, қан тазалығын сақтаған, рухани тәрбиені орнықтырған, адамгершілікті басты орынға қойған

зандылық. Бұл дәстүр - қазақтың ең терең, ең қасиетті ұлттық коды. Оны білу - ата-баба алдындағы құрмет, оны сақтау - келешек ұрпақ алдындағы парыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кекілбайұлы Ә. Жеті хикая. -Алматы: Өлке баспасы, 2018. -320 бет.
2. Тынышбайұлы, М. Қазақ халқының тарихы. -Қарағанды : Болашақ-Баспа, 2010.-229 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. 2-басылым, Астана: Алтын кітап, 2007. -272 бет.
4. Рашид ад-Дин Фазлуллах Хамадани. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы, XIV ғ.). Көп томдық. 1 том.-Астана, 2024. -620 бет.
5. Диваев Ә. Қазақтың халықтық әдет-ғұрыптары. Алматы, 1992. -256 бет.

### **XVIII - XIX ҒАСЫРЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘСКЕРІНІҢ АТЫС ҚАРУМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚОРҒАНЫС ТАКТИКАСЫ**

**Кисанов Ш.Е.**

Ғылыми жетекші: Ph.D докторы Дюсупова С.Т.  
Астана Халықаралық Университеті  
[news12853@gmail.com](mailto:news12853@gmail.com)  
Астана

XVIII-XIX ғасырлар қазақ халқының әскери өнері түбегейлі өзгерістерге ұшыраған дәуір болды. Бұл кезеңде от қаруының (мылтық, зеңбірек) кеңінен таралуы дәстүрлі атты әскердің тактикасына жаңа сипат енгізді. Қазақ жасақтарының қорғаныс және шабуыл тәсілдері, сондай-ақ жаяу соғысу мәдениеті қалыптаса бастады. Көшпелі соғыс өнерінің жаңа заман талаптарына бейімделуі қазақ халқының әскери ойлау жүйесінің дамуын және мемлекеттілікті сақтау жолындағы күрес тәжірибесін айқын көрсетеді.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әскеріндегі әскери тактикалардың өзгеруі атыс қаруларын пайдалануына байланысты өзгерістерге ұшырады. Бұл қазақ әскерінің қорғаныстағы мықты тұстарының бейнесі ретінде сипатталады.

XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әскерлерінің қарулануына назар аудару, пайда болған немесе ортақтасылған әскери тактикаларды анықтау. *Міндеттері.* XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әскерлерінің тактикаларын зерттеп, орын алған оқиғаларды сипаттау. Бұл қорғаныс тактикалардың ерекшеліктерін ажыратып, қазақ әскерлерінің мықты және әлсіз тұстарын баяндау.

Тарихнамалық шолу. Зерттеу барысында Ахмет Кенесаринның “Султаны Кенесары и Сыздык” еңбегі, Шоқан Уалихановтың шығармалар жинағының төртінші томы, Л.А. Бобров пен Ю.С. Худяковтың С Вооружение и тактика кочевников Центральной Азии и Южной Сибири в эпоху позднего Средневековья и раннего Нового времени (XV - первая половина XVIII в.) еңбектері мен қосымша материалдар қолданылды.

Ортағасыр мен ерте жаңа заманынла дәстүрлі атты және жаяу әскер өнері “Оқ дәрі революциясы” Еуразия даласындағы айқас аланы да заманға сай өзгеріске ұшырауына себепші болды. XVII-XVIII ғасырларда көшпенділердің қолында отырықшы-егінші халықтардың қарулы жетістіктері сәтті қолданыла түсті. Ең жиі айналымға енгізген көшпенділердің ішінде жоңғарлар ауыр атты найзашылар мен жаяу атқыштар мен найзашыларды Орталық Азияда ең мықты әскери күшке айналдырды.

Бірақ та жоңғарлар Ұлы далада жалғыз көшпенділердің дәстүрлі әскери өнері мен Жаңа заманның әскери-саяси жағдайына адаптациялай алды. XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ әскерінің қарулануындағы арсенал жергілікті және орталық азиялық ұсталарның қолынан шыққан. Қазақ даласы XVI аяғы мен XIX ғасырдың ортасы бұл жағдайдың көрнекі үлгісі болды. Қазақтардың әскеріндегі модернизациясында басты элемент ретінде айқас аланына жаяу әскерге атыс қарудың кең таралуы болды. Көшпенділер үшін өздерінің қару өндірісін ұйымдастыру бойынша қиындықтар туындаған. Осыған орай қазақ хандары геосаяси жағдайын қолданған. Оңтүстік аймақтағы қазақтар - Орталық Азия отырықшы-егіншілері, ұсталары көшпенділерге қарулардың алуан түрлерін сатқан. Бұхара, Хиуа, Ташкент және басқада қалалардың ұсталары атыс қару өнерін менгеріп, қазақ даласына белсенді түрде сатқан. Ал XVII ғасырдың бірінші жартысында бұндай тауар өндірісі қазақ хандарының астанасы Түркістанда да орын алды [1, б. 107]. XVIII ғасырдың бірінші жартысы - XIX ғасырда қазақ